

Балаларға арналған Киелі кітап

ұсынады

Бай адам мен кедей адам



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: M. Maillot, Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: M. Maillot, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankzy

Шығаруышы: Bible for Children
www.M1914.org


©2023 Bible for Children, Inc.

Лицензия: сатуга тиым салынған, кошірме жасауға
немесе басып шығаруға рұксат етілген.

Иса көптеген діни жетекшілердің Құдайдан гөрі ақшаны көбірек жақсы көретінін білді. Ол екі адамға не болғаны жайлы әңгімелеп, құдайсыз байлықты иеленудің не үшін пайдасыз екенін әңгімеледі. Байлық Көктегі Құдаймен бірге болатын өмірді сатып ала алмайды.



Бір бай адам болды,
оның үстінде қымбат
бағалы әдемі киімдері
болды. Ол патша
сияқты киінетін.




3

Бай адам өте жақсы тамақтанды. Эр тамақтануы
улken бір той іспетті еді. Оның ақшасының көптігі
сондай, ол таңғы асқа, тұскі асқа, кешкі асқа немесе
тіпті үзілісте жүрек жалғап
алу үшін не жегісі келсе,
соның бәрін ала алатын.



4

Байдың үйінің қақпасының алдында кедей, ауру,
аштықтан өліп бара жатқан мұсәпір жатты. Оның
аты Елазар болатын.



5

Елазар тамақ
жегісі келетін.
Ол байдың
дастарқанынан
түсken ас
қалдықтарына
да риза
болар еді.



7

Байғұс Елазардың өне-бойы
жара еді. Бәлкім онда қандай да
бір ауру болған шығар. Мүмкін
басқалардың оған деген қарым-
қатынастары жаман
болғандықтан, жаралары мен
көгерген жерлері болған шығар.
Оның ішінде де жаралары
булуы ықтимал,
өйткені сұт, көкөніс
немесе ет сияқты
жақсы тамағы
болмады.



6

Қаңғыбас иттер
кейде байғұс әрі
дәрменсіз
мұсәпірге
жақындан
келіп, оны
иіскелеп,
жараларын
жалап кететін.
Елазардың аш
екені ешкімді
абыржытпағанға
үқсайды.

8

Бір күні
таңтертең Елазар
оянбады.
Байғұс әрі аш,
жалғызбасты
мұсөпір бұл
дүниеден
аттанып кетті.
Елазар олі еді.



9

Елазар үшін қуаныш ол өлген
сәтте басталды. Иса періштелердің
оны Ыбырайымның қасына апарғанын
айтты. Елазарды Құдай жұбатты.



10

Бай да қайтыс болды.
Оның барлық ақшалары
оның өмірін құтқара
алмады. Өлім келген кезде,
оны ешкім тоқтата алмады.




11

Бай жерленді. Бұл, өте үлкен жерлеу рәсімі болған
шығар. Мүмкін адамдар бай адамды ақылды әрі
табысты болған деп мақтаған да болар. Алайда бұл
мақтаулар оған көмектеспеді. Бай тозаққа түсті.




12

Тозақта бай айғайлап: «Ыбырайым ата, Елазарды
жіберші, ол бармагының ұшын суға малып алып,
менің тілімді сатқындарсын, өйткені мына жалында
мен қатты қиналып жатырмын», – деді.




13

«Сенің өмірінде бәрі болды,
ал Елазарда ештеңе болған
жок, – деп Ыбырайым
байдың есіне салды. – Енді
ол жұбаныш тауып, ал сен
қиналып жатырсың.
Ешкім сендер мен біздің
арамыздың терең
шыңыраудан өте алмайды».



14

«Елазарды менің бес бауырьма ескерту үшін жіберіңізші, – деп жалынды бай. – Мен олардың осы азап орнына тап болғандарын қаламаймын».



15

«Сенің бауырларында Құдай Сөзі бар», – деп жауап берді Ыбырайым. Егер бес ағайынды Киелі кітапқа сенбесе, олар Елазардың өлімнен тірілгеніне де сенбес еді.



16

Иса бай мен Елазар туралы әңгімесін аяқтаған кезде, діни жетекшілер өздерінен былайша сұраған болар: «Мен байлықты «Құдайдан» гөрі көбірек жақсы көрем бе?» Егер Құдай Сөзіне құлақ түрмесе олар не болатынын енді білді.



17

Бай адам мен кедей адам

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

От Луки 16

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."

Забур 119:130

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан ері Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді білең. Ол мұны күнә деп атайды. Күненің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құннымызды отеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің құнәларымызды кешіре алады.

Егер сен құнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Қоктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып, кейін Сенімен мәнгі бірге болуым үшін менің өмірім келе ғор, менің құнәларымды кешіре ғор. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе ғор. Аумин. Жохан 3:16

Соңы